

## Май ауданында 2009 жылы ақы төлейтін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 40/1 қаулысы. Павлодар облысы Май ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 ақпанда N 79 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2010.02.18 N 20/2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2010.02.18 N 20/2 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы "Семей ядролық полигонынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 13 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру" Қағидасына сәйкес және жұмыссыз азаматтарға төлейтін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар тізімі, қоғамдық жұмыстардың көлемі, түрлері, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009.04.27 N 87/4 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .**

2. **Алынып тасталды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009.04.27 N 87/4 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).**

3. Аз қамтамасыз етіліп қалуы мүмкін қауіпті топтарға және нысаналы топтардан жұмыссыздарға жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында икемді график бойынша ұйымдастыру мүмкіндігі болады.

4. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы республика бойынша ең төмен жалақыдан төмен болмауы керек.

5. Аудандық қаржы бөлімі (Ә. Қоңыржанов) жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде қоғамдық жұмыстардың қаржыландырылуын қамтамасыз

е т с і н .

6. Ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен кейін қолданысқа енгізіледі

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Айтқуловқа жүктелсін.

*Аудан әкімі* *Е. Әйткенов*

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 3 қ а н т а р д а ғы  
"Май ауданында 2009 жылы ақы төлейтін  
қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы"  
N 40/1 қаулысына 1 қосымша.

**Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдар тізімі,  
қоғамдық жұмыстардың көлемі, түрлері,  
қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009.04.27 N 87/4 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

N p /с	Ұйымдар атауы	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыстар көлемі	Сұраныс өтінім жасалған қажеттілік)	Ұсыныс ( бекітілген )	Қаржыландыру көзі
1	"Ақшимаң селолық округі әкімінің аппараты" ММ	Жергілікті	320,0	10	10	Аудандық бюджет
2	"Ақжар селолық округі әкімінің аппараты" ММ	жердің аймақтарын көгалдандыру,	480,0	15	15	Аудандық бюджет
3	"Май селолық округі әкімінің аппараты" ММ	көркейту және санитарлық	672,0	21	21	Аудандық бюджет
4	"Қаратерек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	тазарту жұмыстарына көмек жасау,	1056,0	33	33	Аудандық бюджет
5	"Майтүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	элеуметтік және мәдениет объектілерін	960,0	30	30	Аудандық бюджет
6	"Қазан селолық округі әкімінің аппараты" ММ	жөндеу жұмыстары, салынып	800,0	25	25	Аудандық бюджет
7	"Саты селолық округі әкімінің аппараты" ММ	жатқан спорт құрылысы,	640,0	20	20	Аудандық бюджет
8	"Малайсары селолық округі әкімінің аппараты" ММ	құрылыс алаңына қатысу, республикалық және	800,0	25	25	Аудандық бюджет

9	"Кеңтүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	жергілікті қоғамдық шараларды өткізу,	бос	1184,0	37	37	Аудандық бюджет
10	"Көктүбек селолық округі әкімінің аппараты" ММ	тұрған коммуналдық құрылысты күзету		3913,0	98	98	Аудандық бюджет
11	"Баскөл селолық округі әкімінің аппараты" ММ			704,0	22	22	Аудандық бюджет
12	Май ауданының әкімдігі, Май аудандық балалар шығармашылық үйі ҚКМК	Әлеуметтік және мәдениет объектілерін жөндеу жұмыстары		160,0	5	5	Аудандық бюджет
13	Павлодар облысы Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны филиалы "Қазахавтожол" жол пайдалану басқармасы – 85	Жол құрылысын жөндеу, көркейту, көғалдандыру, тазалау ішкі жол құрылымды, санитарлық аумағын қоса алғанда		224,0	7	7	Аудандық бюджет
14	Май ауданының әкімдігі, Май ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Май - сервис" МКК	Жергілікті жердің аймақтарын тазалау, көғалдандыру, және көркейту жұмыстарына көмек жасау		64,0	2	2	Аудандық бюджет
	Барлығы			11977,0	350	350	

Ескерту. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу жеке еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

М а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 3 қаңтардағы  
"Май ауданында 2009 жылы ақы төлейтін  
қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы"  
N 40/1 қаулысына 2 қосымша

## 2009 жылы қоғамдық жұмыстардың түрі

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009.04.27 N 87/4 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК